

DOI 10.52260/2304-7216.2022.3(48).14
ЭОЖ 338.22
FTAMP 06.61.53

А.К. Акбергенова*, PhD докторанты
С.М. Егембердиева, э.ғ.д., профессор
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университеті, Астана қ, Қазақстан
* – негізгі автор (хат-хабарларға арналған автор)
e-mail: akbergenova_akmaral@mail.ru

МОНОҚАЛАЛАРДЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ: ҚОЛДАНЫСЫ, БАҒЫТТАРЫ, САРАЛАНҒАН ТӘСІЛ ЖҮЙЕСІ

Мақалада мемлекеттік қолдаудың қалыптасқан жүйесі мен қазіргі уақытта іске асырылып жатқан Қазақстан моноқалаларын дамыту тетігіне, сондай-ақ отандық моноқалаларды экономикалық және әлеуметтік дамытудың өзекті мәселелеріне шолу жүргізілді. Қазіргі уақыттағы моноқалаларды дамытуды қаржылық қолдау әдістерін қалыптастырудың әртүрлі теориялық тәсілдері ұсынылған, бұл ретте мемлекеттік қолдаудың ерекшеліктеріне және қолданыстағы тетіктің Қазақстандағы моноқалалардың дамуына қаншалықты әсер ететініне назар аударылған. Мақаланың мақсаты моноқалаларды дамытуда атаулы мемлекеттік қолдау шараларының модельдерін қарастыруды ұсыну болып табылады. Бұдан басқа моноқалалардағы қала халқының өсу серпіні, сондай-ақ моноқалалардағы жоспарланған зәкірлік жобалардың нәтижелігі жөніндегі іс-шаралардың әсері мәселелері қозғалды. Қазіргі уақытта моноқалаларды қаржылық қолдау әдістерін қалыптастырудың әртүрлі теориялық тәсілдері жұмыс істейді. Осыған сүйене отырып, моноқалаларды мемлекеттік қолдау шараларын ұсытуда сараланған тәсіл жүйесі және қосымша қаржыландыру құралдарын модельдеу мүмкіндігі қарастырылды. Моноқалалардың кешенді инвестициялық жоспары ұсынылып, сондай-ақ моноқалаларда шағын және орта бизнестің даму деңгейі мен қарқыны қарастырылды. Бұл зерттеуде талдау әдісі мен графикалық әдіс қолданылады, олар теориялық тұжырымдардың дұрыстығын қамтамасыз етуге және ұсыныстар жасауға мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: моноқала, мемлекеттік қолдау, мемлекеттік бағдарлама, инвестициялық жоба, модель, сараланған тәсіл, урбандалу, қала құраушы кәсіпорын, субсидия, дотация, мемлекеттік несие.

Ключевые слова: моногород, государственная поддержка, государственная программа, инвестиционный проект, модель, дифференцированный подход, урбанизация, градообразующее предприятие, субсидия, дотация, государственный кредит.

Keywords: single-industry towns, state support, state program, investment project, model, differentiated approach, urbanization, city-forming enterprise, subsidy, subsidy, state loan.

JEL classification: P25

Кіріспе. Моноқалаларды дамытуды қолдаудың мемлекеттік саясаты көп өлшемді болып табылады. Оны жүзеге асырудың сәттілігі басқару мен биліктің әртүрлі деңгейлері арасындағы өкілеттердің тепе-теңдігіне байланысты. Алайда моноқала халқының экономикалық-әлеуметтік жағдайының әл ауқаты моноқалаларды қолдаудағы мемлекеттік саясатты онтайлы жүргізудің табыстылығына байланысты болып келеді, бірақ елімізде саясат жеткілікті түрде тиімсіз болып қала береді [1].

Зерттеулер көрсеткендей, моноқалалар біртекті емес және қала құраушы кәсіпорынның болашағына және қала экономикасының мүмкіндіктеріне қарай бірнеше түрге бөлінеді. Сондықтан моноқалаларға қатысты мемлекеттік саясаттың негізін әртүрлі типтегі елді мекендерге сараланған көзқарас қалыптастыру керек.

Моноқалаларды дамытуда біздің елде нақты ұстаным немесе ортақ шешілетін пікір жоқтығынан, мемлекеттік қолдаудың іс-шаралары тиімсіз атқарылып келеді. Соңғы кездері қазақстандық моноқалалардағы әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі, тұрғылықты халық санының азаюы, ондағы шағын және орта бизнестің баяу дамуы сияқты мәселелер, мемлекеттік қолдаудың барынша іс-шаралары жүзеге асырылып жатқанымен, тиімсіз нәтижелері моноқаланы дамытудағы мемлекеттік саясатты тереңірек зерттеу жасап қолдаудың маңызды қосымша тетіктерін қолданудың қажеттілігі туындағаны осы мақаланы жазудың өзектілігі болып табылады.

Мақаланы жазудың мақсаты - моноқалаларды дамытуда мемлекеттік қолдаудың атаулы іс-шараларының модельдерін қарастыруды ұсыну болып табылады. Зерттеу мақсатына қол жеткізу үшін келесі міндеттерді қарастыру алға қойылды: қазақстандық тәжірибеде жүзеге асырылып

жатқан моноқалаларды мемлекеттік қолдау бағдарламаларын зерделеу, талдау және бағалау; моноқаланы дамыту үшін мемлекеттік қолдаудың атаулы іс-шараларының тетіктерін жетілдіру болып табылады.

Зерттеу әдістері. Бұл зерттеуде экономикалық салыстырмалы талдау әдісі мен графикалық әдістері қолданылды. Статистикалық деректерді пайдалана отырып, моноқалалардың тұрғындар санының динамикасы зерттелді. Зерттеудің сенімділігі мен теориялық тұжырымдар мен ұсыныстардың дұрыстығын қамтамасыз етуіне мүмкіндік береді.

Әдебиеттік шолу. Зерттеу тақырыбын ашу үшін шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектері зерттелді. Моноқаланың жоғары экономикалық дамуы мен қолдауларды іске асыру мәселелері бағытында ресейлік ғалымдар И.В.Липсица, В.Я.Любовной, Н.В.Зубаревич, Ю.Г.Лаврикова, И.Д.Тургельдің еңбектерінде моноқаланың мемлекеттік қолдаудың іс шаралары, шешу жолдары мен қолдау құралдарының бағыты зерттелінген. А.Ю.Устинов [1] моноқала халқының экономикалық-әлеуметтік жағдайының әл-ауқаты моноқалаларды қолдаудағы мемлекеттік саясатты оңтайлы жүргізудің табыстылығына байланысты екенін, мемлекеттік қолдаудың оңтайлы болуы басқару мен биліктің арасындағы өкілеттердің тепе-теңдігінде деп көрсетті. Мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігін бағалау жүйесіндегі әдістемелік аспектілері мен жалпы тәсілдерін зерттеп, көбіне моноқалаларды жаңғырту немесе дамыту бағдарламаларын қалыптасуының формалдылығы басым екендігін Гусева М.С. пен Габбасова Ю.Р [6] көрсетті. Атаулы мемлекеттік қосымша іс-шараларын қолдап, соның ішінде сараланған тәсіліне түсінік беріп, өздерінің тұжырымын жеткізген Ю.М.Соколинская [9], А.В.Маслобоев [10], А.В.Горохов [10] болды.

Қазақстандық моноқалаларды дамыту үшін, мемлекеттік қолдаудың кешенді дамыту бағдарламасының тиімділігін жоғарылатуының ықпалын терең зерттеген ЛЛ.Божко мен Лескова Г.Л. [5] сияқты ғалымдардың зерттеулерінен көруге болады.

Жоғарыда аталған зерттеулерден түйіндегеніміз, моноқалаларды дамыту мәселелерін шешуде мемлекеттік қолдау тек ұзақ мерзімді мемлекеттік бағдарламалар арқылы ғана жүзеге асырылуда. Алайда бұл мемлекеттік қолдаулар моноқаланың жоғары дәрежеде дамуына айтарлықтай әсер етпеді және іс-шаралар кешені жеткіліксіз деңгейде жүргізілді. Жоғарыда аталған зерттеулерге сүйене отырып, қазіргі уақытта моноқаланың экономикалық дамуына әсер ететін және дәл сипат беретін іс-шаралар жиынтығы жоқ екенін атап өту қажет. Сондықтан моноқаланы дамыту және оның экономикалық қауіпсіздігінің қамтамасыз етудің мүмкін модельдерін қарастыру керек, мемлекеттік қолдаудың атаулы іс-шараларын жүргізуде сараланған көзқарас жүйесін қалыптастыру қажеттілігі туындап отыр.

Негізгі бөлім. Қазақстандық моноқалаларды дамыту мақсатты бағдарламалар арқылы жүзеге асыру арқылы жүргізіліп келеді. Моноқалалардың тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз етуде экономиканы реттеу құралы ретінде мемлекеттік бағдарламалар маңызды рөл атқарады.

Мемлекеттік қолдау шараларының алғашқысы болып, Қазақстан Республикасындағы моноқалалар үшін маңызды құжат ретінде Үкіметтің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы N 1389 қаулысы болды, ол шағын қалаларды дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасын бекітті. Бағдарламаға аудандық және облыстық маңызы бар шағын қалалар кірді, олар ресурстық әлеуеті, демографиялық жағдайы, әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері, халқының саны 50 мың адамға дейін бір-бірінен айтарлықтай ерекшеленді [2].

Қазақстанда моноқалаларды қолдау жалпы мемлекеттік өңірлік саясаттың элементі ретінде қарастырды, моноқалаларды дамытудың 2012-2020 жылдарға арналған бағдарламасы қабылданды, бағдарламаның ерекшелігі бірінші кезекте, мемлекеттік қолдау шаралары даму әлеуеті төмен моноқалаларға көрсетіліп, екіншіден, әлеуеті орташа моноқалаларды дамыту үшін жағдайлар жасалу, үшіншіден, әлеуеті жоғары моноқалаларды дамытуға қолдау жасау көрсетілуі айқындалды. Бұл бағдарлама көп ұзамай мерзімінен бұрын өз күшін жойып, әрі қарай өңірлерді дамытудың 2020 жылға арналған мемлекеттік бағдарламасымен бекітіліп, қазіргі қолданыстағы 2020-2025 жылдар бағдарламасы негізінде жалғасты. Бұл бағдарламаның ерекшелігі қалаларды үш деңгейде бөліп қарады [3].

Мемлекеттік басқа да қолдаулар арқылы, атап айтқанда «Бизнестің жол картасы – 2025» бизнесті қолдау мен дамыту үшін жасалған бағдарламасы; нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» бағдарламасы; ҚР денсаулық сақтауды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаларының тетіктері мен іс-шараларына сүйенеді.

Бұдан басқа моноқалаларды дамыту облыс әкімдігі атқарушы биліктің өңірлік органымен әзірлеген қаланы дамытудың кешенді жоспары негізінде жүзеге асады.[4].

Қазақстандық моноқалаларды мемлекет тарапынан қолдау барысында әртүрлі елдердің моноқалаларының мәселелерін шешудің түрлі жолдарын таңдай отырып, біздің елдегі моноқалаларға жақыны Германия, Австралия, Жапония және АҚШ сияқты елдердің моноқалаларының тәжірибесіне сүйене отырып жүзеге асырылды.


Қолданыстағы бағдарламаларды іске асыру нәтижесін талдау барысында Қазақстанның моноқалаларындағы мәселелердің едеуір бөлігі бұрынғысынша әлі де өткір күрделі мәселелер бары белгілі болды. Бұл мәселелерге инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымның қанағаттанғысыз жай-күйі, коммуналдық желілердің тозуы, еңбек нарығын дамыту, экономиканы әртараптандыру т.б. жатады. Талдаудың нәтижесінде моноқалалардағы электр желілері мен сумен жабдықтау желілерінің тозуы тек 10-12%-ға төмендеген.

Моноқалаларды дамытудың бірден бір жолы шағын және орта бизнесті дамыту және экономиканы әртараптандыру. Бұл бағытта мемлекет тарапынан бірнеше іс-шаралар жүргізу алға қойылған. Моноқала экономикасын дамытудың бірден бір бағыты зәкірлі инвестициялық жобаларды іске асыру болып табылады. Осы бағытта моноқалалардың экономикасын әртараптандыру мақсатында 2013 жылдан бастап 2019 жылғы маусымға дейін облыс әкімдіктерінің деректері бойынша 48 «зәкірлік» жоба іске асырылды және 13 жоба іске асырылу сатысында. Іске асырылған жобалар ішінде 32 кәсіпорын тұрақты жұмыс істейді (66,7%), 7-еуі (14,6%) тоқтап тұр, 6-уында (12,5%) жүктеме жоқ және 3 кәсіпорын ауық-ауық жұмыс істейді (6,25%). Жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарда 9,0 мың тұрақты жұмыс орны құрылды.

Моноқалалар және шағын қалалардың әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымын жаңғырту үшін де жыл сайын республикалық бюджеттен қаржыландыру бөлініп отырды. 2020 жылдың өзінде 10 млрд теңге сомасына 26 жоба іске асырылды, оның ішінде моноқалаларда 8,7 млрд теңге сомасына 19 жоба іске асырылды. Бұл өз кезегінде 670 жұмыс орнын құруға мүмкіндік берді. 2021 жылы моноқалаларда 10,4 млрд. теңге сомасына 36 жоба жоспарланған [6].

Осы кезде айта кету керек, мысалы Ресей тәжірибесінде мемлекеттік қолдаудың ерекшелігі арнайы моноқалаларды дамыту үшін қор құрылған. Сонымен қатар моноқалаларды дамыту қоры инвестициялық жобаларды қаржыландыру мақсатында ақша қаражат беру шарттары: 5млн-1000 млн. рубльге дейін, пайыздық мөлшерлемесі жаңа бастама үшін 0 пайыз, қолданыстағы кәсіпкерлер үшін 5 пайыз мөлшерінде, берілу мерзімі 15 жылға дейін беріледі [7].

Мемлекеттік қолдау көрсетілген уақыт аралығында моноқалалардағы тұрғындар саны 2014 жылы – 1412,3 мың, 2015 жылы – 1410,9, 2016 жылы – 1446,3, 2017 жылы – 1415,6, 2018 жылы – 1415,6, 2019 жылы – 1413,7, 2020 жылы – 1400,0 мың адамды құрайды. Бұл ел халқының 8%-ын қамтиды [8].




1-сурет. Қазақстандық моноқалалардағы халқының саны, динамикасы, 2014-2020 жж.

* [8] мәлімет көзі негізінде құрастырылды

Диаграммадан көріп отырғандай, моноқалалардағы халық саны қатты өскені байқалмайды, керісінше азайғаны көрініп тұр (1-сурет). Мемлекеттік қолдаудың барысында қолданған тетіктер мен ұйымдастырылған іс-шаралардың әсері болмағанын білдіреді. Моноқалаларды дамытуға қатысты мемлекеттік саясатты қайта қарау үкімет алдындағы міндетті әрі өзекті болып табылады.

Моноқалаларды мемлекеттік қолдаудың атаулы іс- шаралары жергілікті билік пен қала құраушы кәсіпорынға қаржылық көмек көрсету негізінде жүзеге асырылады. Моноқалаларды мемлекеттік

қолдаудың неғұрлым маңызды қосымша шараларына дотация, инвестициялар, субсидиялар, бюджеттік несиелер, мемлекеттік кепілдіктерді атауға болады (2-сурет).



2-сурет. Моноқалаларды мемлекеттік қолдаудың неғұрлым маңызды қосымша шаралары*

* Автормен құрастырылған


Сараланған тәсілді қолдану бұл моноқаланың атаулы мемлекеттік қолдауына бағытталған қаржылық сипаттағы іс-шараларды қалыптастыруға мүмкіндік береді. «Сараланған тәсіл» түсінігінің тұжырымдамалық негіздеме туралы шетелдік ғалымдардың еңбектерінде көптеп кездеседі. Соколинская Ю.М. пікірінше, «Сараланған тәсіл – бұл жоспарланған іс-әрекеттерді іске асыруға сәйкес қайта берілетін ақпарат көлемін өзгерту бойынша ұсынымдар кешені» [9]. Бұл пікір сараланған тәсілді транспарентті кешен ретінде анықталып, өзгеріс ретінде қарастырылады, зерттелетін құбылыстың құрылымдық бөліктерін бөлуге мүмкіндік береді.

А.В.Маслобоев пен А.В.Горохов пікірлерінше, «Сараланған тәсіл – бұл объектінің әртүрлі сипаттамаларға сәйкес құрылымдық бөлінуі, бұл жүйенің кейбір жағдайларында тұтас бірлік туралы жалпы түсінік береді». Ақпарат көлімінің әртүрлігі сараланған тәсілдің нақты белгісі ретінде қаралады [10].

Сонымен, сараланған тәсіл бұл – ақпарат көлемін бөлу жағына қарай өзгертетін, қарастырылатын объектілердің әртүрлігін, бірінғай басқару жүйесіндегі компоненттердің әмбебаптығын, құжаттық ақпараттың корреляцияланбаған көлемін білдіреді.

Қарастырылған пікірлерді жалпылау негізінде сараланған тәсіл – бұл көптеген алгоритмдерді қолдану мен талдау жүргізу және шешім қабылдау тетіктерін қолдану арқылы құбылыстарды зерттеуге бағытталған әртүрлі әрекеттердің жиынтығы деп қорытынды жасауға болады. Сараланған тәсіл терең зерттеуді қажет етеді.

Экономикалық қауіпсіздік модельдері негізінде моноқаланы атаулы мемлекеттік қолдауды қалыптастыру бағыты бойынша көбіне қаржылық сипатқа ие емес, атап айтқанда, бюджет қаражатын қайта бөлуде кері процесті білдіретін мемлекеттік қолдаудың алты іс-шарасы қарастырылады. Бұл жағдайда атаулы мемлекеттік қолдау мәселелерінің белгілі бір аумағын шешуге мүмкіндік береді және де моноқаланың белгілі бір ортасының дамуына ықпалы тиеді. Моноқалалардың экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін негізгі модельдеріне: эрараптандыру моделі, зәкірлік жобалар моделі, кәсіпкерлік бастамалар моделі, келісімшарттық өзара байланыс модельдерін айтуға болады (3-сурет).



3-сурет. **Моноқаланың атаулы мемлекеттік қолдау модельдері***

* Автормен құрастырылған

Осы модельдердің байланысы негізінде келесі бағыттық іс-шараларды қарастыру қажет:

1. Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының кешенді инвестициялық жоспарымен айналысатын қызметкерлерін қайта даярлау.
2. Кластерлік инфрақұрылымды құру.
3. Қала құраушы кәсіпорындарға қолдау жасау.
4. Жұмыспен қамтуға қолдау көрсету.
5. Негізгі қорларды жаңғырту.
6. Пайыздық мөлшерлемені субсидиялау.

Атаулы мемлекеттік қолдаудың көрсетілген іс-шаралары моноқалалардың экономикалық дамыту модельдерінің байланысын көрсетеді.

Қорытынды. Жоғарыда қарастырылғандарды ескере отырып, келесідей қорытынды шығаруға болады:

1. Моноқалаларды дамытудың мемлекеттік қолдауды қамтамасыз етуде қолданыстағы мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігін арттыру қажет. Ұйымдастыру тетігі тұрғысынан мемлекеттік саясаттың оңтайлы іс-шаралары көрінгенімен, алайда бұл оң сәттер әзірше жағдайды өзгерте алмады. Бұл өңірлік саясатының басымдықтарының әлсіздігі, үйлесімсіздігі, әкімшілік басқару тетіктерінің қайталануы сияқты факторлардың әсерімен түсіндіріледі. Моноқалалардың әрқайсысына жеке экономикалық және әлеуметтік талдау қажет. Ол үшін мемлекет тарапынан әрдайым ашық мониторинг жүргізіліп, моноқаланың әлеуметтік-экономикалық жағдайының осал тұстарына талдау жасалу керек. Сонымен қатар, жергілікті билік пен қала құраушы кәсіпорын арасында бірлескен іс-шаралар жиынтығын іске асыруда тығыз байланыс орнату керек.

2. Авторлар моноқалаларды мемлекеттік қолдаудың неғұрлым маңызды қосымша шараларының сызбасын ұсынды. Қолданылған мемлекеттік қолдаудың атаулы іс-шаралары моноқаланың экономикалық дамуын жақсартуға және одан әрі жетілдіруге мүмкіндік береді. Ұсынылған сараптамалық тәсіл моноқалалардың тұрақты дамуын қамтамасыз етуде алгоритмдерді қолдану мен талдау жүргізу және шешім қабылдау тетіктерін қолдану арқылы құбылыстарды зерттеуге ықпалын тигізеді.

3. Авторлардың қарастырған эртаптапандыру моделі, зәкірлік жобалар моделі, кәсіпкерлік бастамалар моделі, келісімшарттық өзара байланыс модельдерінің барлығы моноқалаларды дамытудың қауіпсіздігін қамтамасыз ете отырып, бұл модельдер негізінде атаулы мемлекеттік қолдау мәселелерінің белгілі бір аумағын шешуге мүмкіндік береді және де моноқаланың белгілі бір ортасының дамуына ықпалы тиеді. Модельдердің байланыстылығы бір сөзбен айтқанда қаланың экономикасын оңтайлы әрі тиімді жүргізуге септігін тигізеді.

Экономикалық қауіпсіздіктің бұл модельдері моноқаланы атаулы мемлекеттік қолдаудың жіктелік негізін тағайындайды. Осы жағдайларға байланысты моноқаланың экономикалық дамуына мүмкін модельдерінің негізінде атаулы қолдау көрсетудің сараланған тәсілі ұсынылды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Устинов А.Ю Анализ модели государственной поддержки развития моногородов в России // Проблемы. Поиск. Решения. – 2013. – №38(227). – С.53-64
2. Об утверждении программы развития малых городов на 2004-2006 годы: Постановление Правительства Республики Казахстан от 31.12.2003 №1389. – https://adilet.zan.kz/rus/docs/P030001389_
3. Өңірлерді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған дамыту бағдарламасы. – <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000990>
4. Божко Л.Л., Лескова Г.Л. Совершенствование методологических подходов к управлению развитием моногородов в Республике Казахстан // Муниципалитет: экономика и управление. – 2015. – С. 16-25
5. Гусева М.С., Габбасова Ю.Р. Комплексное развитие моногородов: опыт Самарской области экономическая политика и управление экономическим развитием // Received 14 February. – 2017. – С. 62-76
6. Премьер Министр Республики Казахстан. № 16-13-19Д/С от 30.09.2021 г. – <https://senate.parlam.kz/storage/37f008a09ea340c2b9a3b5cf05ca35cc.pdf>
7. Меры поддержки. Фонд развития моногородов. – <http://xn--80afd4affbbat.xn--p1ai/documents/reestr.php>
8. ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы. – <https://stat.gov.kz/>
9. Соколинская Ю.М., Хорев А.М. Дифференцированный подход к оказанию мер государственной поддержки моногородов в составе моделей экономической безопасности // Экономическая безопасность – Том3. – №1. январь-март – 2020. – ISBN 2658-7548. – С.80-94
10. Маслобоев А.В., Горохов А.В. Формальная модель диверсификации экономики моногорода // Надежность и качество. – 2019. – №2. – С. 249-253

REFERENCES

1. Ustinov A.Ju Analiz modeli gosudarstvennoj podderzhki razvitija monogorodov v Rossii // Problemy. Poisk. Reshenija – 2013. – №38(227). – S. 53-64 [in Russian]
2. Ob utverdzhenii programmy razvitija malyh gorodov na 2004-2006 gody: Postanovlenie Pravitel'stva Respubliki Kazahstan ot 31.12.2003 №1389. -https://adilet.zan.kz/rus/docs/P030001389_ [in Kazakh]
3. Өңірлерді дамытудың 2020-2025 zhyldarға арналған дамыту бардарlamасы. – <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000990> [in Kazakh]
4. Bozhko L.L., Leskova G.L. Sovershenstvovanie metodologicheskikh podhodov k upravleniju razvitiem monogorodov v Respublike Kazahstan // Municipalitet:jekonomika i upravlenie. – 2015. – S. 16-25 [in Russian]
5. Guseva M.S., Gabbasova Ju.R. Kompleksnoe razvitie monogorodov: opyt Samarskoj oblasti jekonomicheskaja politika i upravlenie jekonomicheskim razvitiem// Received 14 February. – 2017. – S. 62-76 [in Russian]
6. Premer Ministr Respyblyki Kazahstan. № 16-13-19D/S ot 30.09.2021 g. – <https://senate.parlam.kz/storage/37f008a09ea340c2b9a3b5cf05ca35cc.pdf> [in Russian]
7. Mery podderzhki. Fond razvitija monogorodov. – <http://xn--80afd4affbbat.xn--p1ai/documents/reestr.php> [in Russian]
8. ҚР Strategijalyk zhosparlau zhәне reformalar agenttigi Ұlтық статистика bjuroсы. – <https://stat.gov.kz/> [in Kazakh]
9. Sokolinskaja Ju.M., Horev A.M. Differencirovannyj podhod k okazaniju mer gosudarstvennyj podderzhki monogorodov v sostave modelej jekonomicheskoy bezopasnosti // Jekonomicheskaja bezopasnost' – Tom3. – №1. janvar'-mart – 2020. – ISBN 2658-7548. – С.80-94 [in Russian]
10. Masloboev A.V., Gorohov A.V. Formal'naja model' diversifikacii jekonomiki monogoroda // Nadezhnost' i kachestvo. – 2019. – №2. – S. 249-253 [in Russian]

Акбергенова А.К., Егембердиева С.М.

**ГОСУДАРСТВЕННАЯ ПОДДЕРЖКА МОНОГОРОДОВ:
РЕАЛИЗАЦИЯ, НАПРАВЛЕНИЯ, СИСТЕМА ДИФФЕРЕНЦИРОВАННОГО ПОДХОДА**

Аннотация

В работе проведен обзор сложившейся системы государственной поддержки и реализуемого в настоящее время механизма развития моногородов Казахстана, а также актуальных проблем экономического и социального развития отечественных моногородов. В статье представлены различные теоретические подходы к формированию методов финансовой поддержки развития современных моногородов, при этом уделено внимание особенностям государственной поддержки и насколько действующий механизм влияет на развитие моногородов в Казахстане. Цель статьи - предложить модели адресных мер государственной поддержки развития моногородов. Кроме того, были затронуты вопросы: динамики роста городского населения в моногородах, а также влияние мероприятий по результативности запланированных якорных проектов в моногородах. В настоящее время функционируют различные теоретические подходы к формированию методов финансовой поддержки моногородов. Исходя из этого была рассмотрена система дифференцированного подхода в предоставлении мер государственной поддержки моногородов и возможности моделирования инструментов дополнительного финансирования. Рассмотрен комплексный инвестиционный план в моногородах, а также уровень и темпы развития малого и среднего бизнеса в моногородах. В данном исследовании были применены методы анализа и графический метод. Использование в работе выше названных методов позволило обеспечить достоверность исследования, правильность теоретических выводов и разработать рекомендации.

Akbergenova A., Yegemberdiyeva S.

**STATE SUPPORT FOR SINGLE-INDUSTRY TOWNS:
ACTION, DIRECTIONS, SYSTEM OF DIFFERENTIATED APPROACH**

Annotation

The paper provides an overview of: the existing system of state support and the mechanism currently being implemented for the development of single-industry towns in Kazakhstan, as well as current problems of economic and social development of domestic single-industry towns. The article presents various theoretical approaches to the formation of methods of financial support for the development of modern single-industry towns, while paying attention to the peculiarities of state support and how the current mechanism affects the development of single-industry towns in Kazakhstan. The purpose of the article is to propose models of targeted measures of state support for the development of single-industry towns. In addition, the following issues were raised: the dynamics of urban population growth in single-industry towns, as well as the impact of measures on the effectiveness of planned anchor projects in single-industry towns. Currently, there are various theoretical approaches to the formation of methods of financial support for single-industry towns. Based on this, the system of a differentiated approach in the provision of state support measures for single-industry towns and the possibility of modeling additional financing instruments was considered. A comprehensive investment plan in single-industry towns is considered, as well as the level and pace of development of small and medium-sized businesses in single-industry towns. In this study, the methods of analysis and the graphical method were applied. The use of the above-mentioned methods in the work made it possible to ensure the reliability of the study, the correctness of theoretical conclusions and to develop recommendations.

